

KASE АПТАЛЫҒЫ

11– 15 наурыз,
2024

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE қаржы нарығы жұмысының ақпан айындағы қорытындысын [шығарды](#).
- KASE 2023 жылдың қорытындысы бойынша үздік [биржа мүшелерін](#), [листингілік компанияларды](#) және ең белсенді [БАҚ](#) өкілдерін марапаттады.
- KASE 2022 жыл бойынша жылдық есептер байқауының қорытындысын [шығарды](#).
- KASE "Кселл" АҚ "Эмитент күнін" [өткізді](#).
- KASE ресми тізімінен келесі бағалы қағаздар шығарылды: айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты "FIVE BROKERS' CAPITAL" АҚ-ның [KZ2C00009322](#) (FIVEb4) облигациялары, эмитентінің бастамасы бойынша "SilkNetCom" ЖШС-нің [KZ2P00008394](#) (SNCQb1) облигациялары.
- KASE-де келесі бағалы қағаздармен сауда-саттық ашылды: "FIVE BROKERS' CAPITAL" АҚ [KZ2C00011021](#) (FIVEb5) облигациялары, АҚШ Қаржы министрлігінің [US912797JQ12](#) (US115_2404) халықаралық облигациялары, JET Group Ltd. жеке компаниясының [KZX000001870](#) (JETGe1) облигациялары, Еуразиялық даму банкінің [KZ2D00010873](#) (EABRb46) облигациялары, АҚШ Қаржы министрлігінің халықаралық [облигацияларының](#) жеті шығарылымы және "ОнлайнҚазҚаржы" МҚҰ" АҚ-ның [KZ2C00010825](#) (MFOKb19) облигациялары.

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 21,1 млн MEUKAM-168 бесінші шығарылымын ([KZKD00001111](#), MUM168_0005), 27,1 млн MEUKAM-156 жетінші шығарылымын ([KZKD00001103](#), MUM156_0007), 26,5 млн MEUKAM-72 15-ші шығарылымын ([KZKD00001251](#), MUM072_0015) және 25,5 млн MEOKAM-48 52-ші шығарылымын ([KZK200000687](#), MOM048_0052) орналастырды.
- Еуразиялық даму банкі KASE-де [KZ2D00010873](#) (EABRb46) облигацияларын орналастырып, 4,7 млрд теңге тартты.
- "Лизинг Групп" АҚ KASE-де KZ2C00010718 (LZGRb6) облигацияларын орналастырып, \$199,0 [тартты](#).
- "Birinshi Lombard" ЖШС KASE-де KZ2P00010952 (MFBLb3) облигацияларын орналастырып, жазылым арқылы 299,9 млн теңге [тартты](#).
- "Қазақстан ортықтылық қоры" АҚ KZ2C00010726 (KFUSb69) облигацияларын орналастырып, KASE-де 5,1 млрд [тартты](#).
- Еуразиялық даму банкі KZ2D00011038 (EABRb49) облигацияларын орналастырып, KASE-де 50,0 млрд теңге [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "ASTEL" (АСТЕЛ) АҚ 2023 жылдың тоғыз айы үшін жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер [төледі](#).
- "Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)" СК" S&P Global Ratings компанияның рейтингін растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ 2023 жылдың қаржылық нәтижелерін [хабарлады](#).
- "Эйр Астана" АҚ 2023 жылғы қызметінің нәтижелерін [хабарлады](#).
- "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ 2023 жылдың қаржылық нәтижелерін [хабарлады](#).
- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ 2023 жылдың шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін [хабарлады](#).
- "Кселл" АҚ 2023 жылдың қаржылық нәтижелерін [хабарлады](#).
- 2024 жылдың қаңтар-ақпан айларында Теңіз кен орнынан "Баку-Тбилиси-Джейхан" мұнай құбыры бағытында мұнай тасымалдау көлемі 232 мың тоннаны [құрады](#).
- "BCC Invest" АҚ "ЦентрКредит - ақылға қонымды теңгерім" ИИПҚ KZPF00000231 (BCClrb) kzpf00000231 (BCClrb) пайларын ұстаушыларға дивидендтер төленгені туралы [хабарлады](#).



15.03.2024

KASE Индексі 4 995,61 Трендтер (%) 0,5 10,5


Өтімділіктің бірінші сыныбы Бағасы Δ 7к Δ 1а

АО "ForteBank"	6,78	40,4	80,8
АО Kасpi.kz	51 499,99	5,5	17,9
PayPal Holdings Inc.	62,55	5,0	6,0
АО "Народный Банк Казахстана"	214,99	3,4	20,2
Bank of America Corporation	35,95	2,3	7,5
Apple Inc.	173,00	1,2	- 7,5
АО "Национальная компания "КазМунай"	12 080,01	1,1	- 0,0
АО "БАСТ"	7 851,00	0,0	20,8
АО "НАК "Казатомпром"	18 299,00	- 0,0	- 5,2
АО "Казакхтелеком"	35 671,70	- 0,5	3,2
АО "КЕГОС"	1 482,01	- 0,5	3,9
АО "Кселл"	3 040,00	- 0,6	21,6
АО "КазТрансОйл"	847,30	- 1,9	1,7
Tesla, Inc.	195,99	- 2,0	- 2,0
Ford Motor Company	12,20	2,3	-
AT&T Inc.	17,07	- 2,7	- 0,2
American Airlines	14,50	- 2,8	- 2,3
АО "Эйр Астана"	1 064,00	- 3,4	-
NVIDIA Corp.	874,00	- 4,0	24,9
Freedom Holding Corp.	73,00	- 4,6	- 11,6
Advanced Micro Devices, Inc.	197,36	- 5,6	15,3
АО "Банк ЦентрКредит"	1 629,80	- 6,2	41,4
Intel Corporation	42,58	- 9,4	- 3,1

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары

Сауда-саттық көлемі, млн теңге (←) KASE Индексі (→)



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



KASE индексі кезекті тарихи максимумға жетіп, 5000 пункттен асты. Өткен аптаның қорытындысы бойынша Индекс бір апта ішінде 0,46%-ға ұлғайып, 4 995,61 тармақ белгісінде жабылды.

KASE Индексінің көшбасшысы бір апта ішінде 5,54%-ға өскен Kасpi.kz жай акциялары болды. Ал 6,23%-ға төмендеген Банк ЦентрКредит акциялары аптаның аутсайдері атанды. Қызыл аймаққа түскен КЕГОС және Қазақтелеком акциялары тиісінше 0,54% және 0,55% жоғалтты.

Өткен апта KASE өкілдік тізіміне арналған жылдық есептілік маусымымен ерекшеленді. Эйр Астана есебіне сәйкес, 2023 жылы табыс 13,8% - ға өсіп, 1,2 млрд АҚШ долларына жетті. Бұл ретте компанияның операциялық пайдасы 136 млн АҚШ долларына дейін шамалы төмендеді, ал салықтан кейінгі пайда 68,7 млн АҚШ долларын құрап, 12,4%-ға төмендеді. Эйр Астана акциялары 1 064 теңге белгісінде 3,45% - ға төмендеуді көрсетті.

Кселл компаниясының 2023 жылғы қаржылық есептілігінің деректеріне сәйкес меншікті капитал 23,7% - ға өсіп, 171 млрд теңгеге жетті, ал жиынтық активтер 44%-ға, яғни 391 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Таза пайда 18,5%-ға төмендеп, 33 млрд теңгені құрады, активтердің рентабельділігі (ROA) 14,8%-дан 8,4%-ға дейін қысқарды. Осы толқында Кселл акциялары нарықтық құнының 0,62% -ын жоғалтып, аптаның соңына қарай акция үшін 3 040 теңге белгісінде жабылды.

Халық банкінің акциялары өткен аптада 3,4% қосып, 215 теңгені құрады. Халық банкінің жарияланған қаржылық нәтижелеріне сәйкес, 2023 жылы таза пайда 22%-ға артып, 693 млрд теңгеге жетті.

ҚазМұнайГаз қызметінің 2023 жылғы нәтижелері бойынша түсім 8,3 трлн теңгеге дейін төмендеді, операциялық пайда 2 трлн теңгеге дейін қысқарды, ал таза пайда 924 млрд теңгені құрады. Бұл ретте ҚазМұнайГаздың бірлескен бақыланатын кәсіпорындары мен қауымдастырылған компанияларындағы түзетілген таза пайда 1 трлн теңгеге жетті. ҚазМұнайГаз акциялары есепті аптаның соңында бір акция үшін 1,1%-ға, атап айтқанда 12 080 теңге деңгейіне дейін өсті. Сонымен қатар, ҚазТрансОйл акцияларының бағасы 1,92% - ға төмендеді.

Қазатомөнеркәсіптің 2023 жылғы қаржылық нәтижелері түсімнің 43%-ға, 1,4 трлн теңгеге дейін өскенін көрсетті. Операциялық пайда 49%-ға, 681 млрд теңгеге дейін өсті. Таза пайда 580 млрд теңгені құрады. Қазатомөнеркәсіптің акциялары 0,01%-ға аздап төмендеді және бір акция үшін 18 299 теңге деңгейінде болды.

KASE Global секторының акциялары аралас динамиканы көрсетті. Тұтастай алғанда, нарық қозғалысына маусымдық есеп беру де, макроэкономикалық деректерді жариялау да әсер етті.

KASE Global көшбасшылары қатарында PayPal Holdings акциялары болғанын айта кеткен жөн, олар қаржы директорының компанияның болашағы туралы түсініктемелеріне байланысты өсуді жалғастыруда. CopocoPhillips акциялары мұнай бағасының 4,1%-ға өсуі жағдайында 6,8% - ға өсті. KASE Global басқа да мұнай компанияларының акциялары оң динамиканы көрсетті: Occidental Petroleum 3%, ал Exxon Mobil 2,9% қосты.


Сонымен қатар, AMD Inc акциялары АҚШ-тағы инфляцияның негізгі деректері шыққанға дейін инвесторлардың пайданы бекітуі аясында 9,8%-ға төмендеді.



KASE ақша нарығында TONIA бір күндік репосын тарту мөлшерлемесі базалық мөлшерлеменің төменгі дәлізінде сауда жасай отырып, жылдық 13,50% -дан 13,54% -ға дейін өсті. Бір күндік валюталық своп операцияларының АҚШ долларындағы кірістілігі базалық мөлшерлеме дәлізінен төмен сауда жасау арқылы жылдық 8,84%-дан 8,06%-ға дейін төмендеді.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме

Инфляция, 12М MM Index Базалық мөлшерлеме Репо-1д Своп-1Д




ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері

Апталық орналастыру (←) Айлық орналастыру (←) Үш айлық орналастыру (←)
 Жарты жылдық орналастыру (←) Жылдық орналастыру (←) Айлық кірістілігі (→)
 Апталық кірістілігі (→) Үш айлық кірістілігі (→) Жарты жылдық кірістілігі (→)
 Жылдық кірістілігі (→)



Тәуекелсіз қысққ кірістілігі

15.03.2024 (KZT Yield) 29.12.2023 30.12.2022





Ақпан айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 0,6 % - ға, бір АҚШ доллары үшін 450,65 теңгеге дейін әлсіреді. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда 172 млн АҚШ долларынан 187 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 3,9 млрд АҚШ долларын құрады.

Ақпан айында республикалық бюджетке трансферттерді қамтамасыз ету үшін Ұлттық қордан валютаны сату 609 млн АҚШ долларын құрады. Ұлттық қордың сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 16 % құрады және күніне 29 млн АҚШ долларынан аспайды. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 30 % деңгейінде ұстап тұру мақсатында Ұлттық Банк ақпан айында биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жалғастырды, оның жалпы сомасы 400 млн АҚШ долларын немесе нарықтың жалпы көлемінің шамамен 10 % құрады.


Ақпан айында Ұлттық Банк валюталық интервенциялар жүргізбеді.

Үкіметтің республикалық бюджетке трансферттер бөлуге арналған алдын ала болжамды өтінімдері бойынша 2024 жылдың наурызында Ұлттық Банк Ұлттық қордан 700 млн АҚШ долларынан 800 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды күтеді.

2024 жылдың наурыз айында ЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұстап тұру үшін валюта сатып алу 450 млн АҚШ долларынан 500 млн АҚШ долларына дейін болады деп күтілуде.

Шетел валюталарының бағамы динамикасы


Δ %, база (01.01.24)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2023, %
— GBPKZT	571,89	0,22	1,48	3,37
— USDKZT	448,58	0,29	0,26	-2,92
— EURKZT	488,55	0,25	1,87	-0,32
— CNYKZT	62,34	0,32	0,31	-6,38
— RUBKZT	4,88	-1,01	0,00	-23,64

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	7к
S&P 500	5 117,09	-0,8	2,3	29,2	-0,2
Dow Jones	38 714,77	-0,2	0,8	20,1	-0,1
PTC	1 119,66	-2,8	-0,3	20,7	-2,5
MMBБ	3 300,07	-0,5	1,3	46,1	-2,5
Hang Seng	16 720,89	3,0	5,3	-12,9	2,3
SS CSI 300	3 569,99	1,1	6,1	-9,4	0,1
Euro Stoxx 50	4 986,02	0,2	5,9	21,1	-0,2
FTSEuroFirst	5 390,30	0,5	4,0	16,9	0,5
FTSE 100	7 727,42	0,5	2,1	4,3	1,3
KASE	4 995,61	0,5	10,5	53,1	

Шикізат нарығы

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	85,34	2,9	4,6	14,2
Мұнай (WTI)	81,04	2,7	5,7	18,6
Табиғи газ	1,66	-9,0	2,9	-34,2
Мыс	411,25	4,9	11,1	5,8
Темір	820,00	-17,5	-16,5	-12,9
Алтын	2 155,90	-0,1	8,2	12,5
Күміс	25,20	3,4	12,6	16,7
Астық	528,50	1,5	-9,7	-24,4

15.03.2024

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
18.03 <u>Тұтынушылық бағалар индексі (ТБИ) (ж/ж) (ақпан)</u>	EUR	2,6%	2,8%
20.03 <u>Тұтынушылық бағалар индексі (ТБИ) (ж/ж) (ақпан)</u>	GBP	3,5%	4,0%
20.03 <u>ФРЖ пайыздық мөлшерлемесі бойынша шешім</u>	USD	5,50%	5,50%
21.03 <u>Пайыздық мөлшердлеме бойынша шешім (наурыз)</u>	GBP	5,25%	5,25%
21.03 <u>Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға бастапқы өтінімдердің саны</u>	USD	214К	209К
21.03 <u>Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (наурыз)</u>	USD	51,8	52,2
22.03 <u>Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (наурыз)</u>	RUB	16,00%	16,00%

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	9,3%	01.03.24	9,5%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	36,0	01.01.24	34,2
Ақша базасы, млрд KZT	11 540,0	01.01.24	10 126,5
Ақша масса, млрд KZT	38 302,2	01.01.24	35 674,6

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
S&P Global	BBB-/A-3 тұрақты	02.03.24	BBB-/A-3 тұрақты
Moody's	Baa2/позитивті	27.10.23	Baa2/тұрақты
FitchRatings	BBB/тұрақты	17.11.23	BBB/тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00



Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.